

**Сәулет, қала құрылышы және құрылыш  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚҰРЫЛЫСТЫҚ НОРМАЛАРЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ШУДАН ҚОРҒАУ**

---

**ЗАЩИТА ОТ ШУМА**

**ҚР ҚН 2.04-02-2011  
СН РК 2.04-02-2011**

Ресми басылым  
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі  
Құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және  
жер ресурстарын басқару комитеті**

**Министерство национальной экономики Республики Казахстан  
Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН: **«ҚазКСФЗИ» АҚ, ФГУ ФЦС**

2. ҰСЫНҒАН: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы

3. ҚАБЫЛДАНҒАН  
ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕҢГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бүйрекімен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

1. РАЗРАБОТАН: **АО «КазНИИСА», ФГУ ФЦС**

2. ПРЕДСТАВЛЕН: Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

3. ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В  
ДЕЙСТВИЕ: Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыс істері жөніндегі уәкілдегі мемлекеттік органдының рұқсатының ресми басылым ретінде толық немесе ішінша қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

## Мазмұны

<b>Кіріспе.....</b>	<b>IV</b>
<b>1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....</b>	<b>1</b>
<b>2 НОРМАТИВТІК СЛІТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>1</b>
<b>3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>1</b>
<b>4 МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ.....</b>	<b>3</b>
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары.....	3
4.2 Функционалдық талаптар.....	3
<b>5 ЖҰМЫСТЫҚ СИПАТТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....</b>	<b>4</b>
5.1 Нысандарды шудан қорғау шараларын қоса отырып жобалау.	4
5.2 Шудың көздері және олардың шу сипаттамалары.....	5
<b>6 ҚОРШАУ ҚҰРАЛЫМДАРЫНЫҢ ДЫБЫСОҚШАУЛАУЫ.....</b>	<b>5</b>
6.1 Қоршау құралымдарының дыбыстық оқшаулауын жобалау бойынша ұсыныстар.....	5
6.2 Қабатаралық аражабындар.....	6
6.3 Ішкі қабырғалар мен арақабырғалар.....	6
6.4 Түйіспелер мен тораптар.....	7
6.5 Инженерлік жабдықпен байланысты қоршау құралымдарының элементтері.....	8
6.6 Бақылау, қашықтықтан басқару кабиналарының, паналардың, қаптамаларадың қоршау құралымдарын дыбысоқшаулау.....	9
6.7 Есіктер мен терезелер .....	10
<b>7 ДЫБЫС СІҢІРГІШ ҚҰРАЛЫМДАР, ЭКРАНДАР, ҚАЛҚАЛАР .....</b>	<b>10</b>
<b>8 ЖЕЛДЕТУ, АУА БАПТАУ, САЛҚЫНМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, АУАМЕН ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕР .....</b>	<b>12</b>
8.1 Шу көздері мен олардың шу сипаттамаларына қойылатын талаптар.....	12
8.2 Шуды төмендетудің және одан қорғанудың негізгі әдістері мен құралдары.....	13
<b>9 ҚАЛАЛАР М'ЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ СЕЛИТЕБТІ АЙМАҚТАРЫ.....</b>	<b>15</b>
<b>10 ОРЫНЖАЙЛАР АКУСТИКАСЫ.....</b>	<b>19</b>
<b>Библиография.....</b>	<b>20</b>

**Kіріспе**

Бұл құрылыс нормалары «Қазақстан Республикасындағы сәулегтік, қалақұрылыстық және құрылыштық қызмет туралы», «Техникалық реттеу туралы», Қазақстан Республикасы заңдарының, «Ғимараттар мени имараттар, құрылыштық бұйымдар мен материалдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» атты Қазақстан Республикасының техникалық регламентінің талаптарына және түрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршау құралымдарын шудан қорғау және дыбыстық оқшаулауына қойылатын талаптарды реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес әзірленді.

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының құрылыш саласына нормалаудың параметрикалық әдісін ендіру мақсатымен әзірленді және ғимараттар мен имараттарда дыбыстық оқшаулауды жобалау мәселелері бойынша нұсқамалық-нормативтік құжаттаманың келешектегі дамуы болып табылады.

**Құрылыш нормалары:**

- шудан қорғау үшін және акустикалық ортаның нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету үшін нормативтік талаптардың мақсаттарын белгілейді;
- функционалды талаптарды тұжырымдайды;
- акустикалық ортаның жұмыстық сипаттамаларының минимальды деңгейін белгілейді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЛЫСТЫҚ НОРМАЛАРЫ  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ШУДАН ҚОРҒАУ**

**ЗАЩИТА ОТ ШУМА**

Енгізілген мерзім – 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

Осы құрылыштық нормалар ғимараттар мен имараттарды жобалауға, құрылышын салуға және пайдалануға, шудан қорғау үшін және өндірістік, тұрғын, қоғамдық ғимараттарда, оларға телінген аймақтарда және рекреациялық өнірлерде акустикалық ортасын нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету мақсатымен елді мекендерді жобалауға және құрылышын салуға таралады.

Бұл құрылыштық нормалар арнаулы ғимараттар мен имараттарды жобалауға таралмайды.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл нормалар мен ережелерде келесі сілтемелі нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы №1202 қаулысымен бекітілген «Гимараттар мен имараттардың, құрылыштық материалдар мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті ;

Ескертпе – Осы құрылыштық нормаларды пайдаланғанда сілтемелі құжаттардың акпараттық «Сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша құрастырылатын «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар анықтамалығы» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар анықтамалығының» Қазақстан Республикасы аумағында қолданылуын тексерген абзат. Егер сілтемелі құжат алмастырылған болса, онда орнына енгізілген (өзгерілген) мемлекеттік нормативтер талаптарын басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелі құжат алмастырусыз тізімнен алып тасталынса, онда сілтеме жасалған осы ережелер осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігінде қолданылады.

**3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыштық нормаларда тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

**3.1 Дыбыстық қуат:** Уақыт бірлігінде шу көзінен тарайтын энергия көлемі, Вт.

**3.2 Ауа шуын оқшаулау (дыбыс оқшаулау)** R, дБ: Коршау құралымының өзі арқылы өтетін дыбысты азайту қабілеті. Жалпы түрде қоршауға құлайтын дыбыс энергиясының қоршау арқылы өтетін энергияға қатынасының он логарифмі болып табылады. Осы құжатта ауа шуын дыбыстық өткізуеу ретінде екі орынжайды бөлетін қоршау қамтамасыз ететін дыбыстық қысым деңгейлерін төмендету дБ, айтылып отыр, ол

қоршау құралымы ауданының және қорғалатын орынжайдағы эквивалентті дыбыс сініру ауданының тәң шарттарға келтірілген.

**3.3 Жол-көшелік желінің, темір жолдардың, әуе көлігінің, өнеркәсіп аймақтарының және жеке өнеркәсіптік және энергетикалық нысандардың шу карталары:** дБА-да 5дБА аралықпен (интервалмен) жергілікті жердегі түрлі дыбыс деңгейлерінің салынған сыйықтарымен шу көздері бар аумақтардың карталары

**3.4 Коэффициент звукопоглощения  $\alpha$ :** Отношение величины неотраженной от поверхности звуковой энергии к величине падающей энергии.

**3.5 Дыбыстың максимальды деңгейі:** Визуалды есептегендеге өлшегіш, тұрақтасқыштың (шу өлшегіштің) максималды көрсеткішіне сәйкес келетін тұрақсыз шудың дыбыс деңгейі немесе шуды автоматтық бағалаушы құрылғы (статистикалық талдаушы) тіркеген кезде өлшегіш интервал ұзактығының 1 %-ында асатын дыбыс деңгейі.

**3.6 Тұрақсыз шу:** МемСТ 17187-81 бойынша шу өлшегішінің «баяу» уақытша сипаттамасында өлшегендеге 8 сағаттық жұмыс күні бойында дыбыс деңгейі 5 дБА-дан артық өзгеретін шу

**3.7 Дыбыстық қысымның оқтавалық деңгейі:** Жиіліктердің оқтавалық жолақтарындағы дыбыстық қысымның деңгейі дБ-мен.

**3.8 Өтуші шу:** Кеңістіктен тыс есептік нүктелермен туындайтын және оған қоршау конструкциялары, желдету жүйелері, сумен қамту және жылдыту жүйелері арқылы өтетін шу.

**3.9 Тұрақты шу:** МемСТ 17187-81 бойынша шу өлшегішінің «баяу» уақытша сипаттамасында өлшегендеге 8 сағаттық жұмыс күні бойында дыбыс деңгейі 5 дБА-дан артық өзгермейтін шу

**3.10 Реверберация:** Орынжайда дыбыс көзінің жұмысы тоқтағаннан кейін дыбыстық энергияның біртіндеп құлдырау құбылысы.

**3.11 Тональды шу:** Спектрінде естілетін дискреттік үндері бар шу. Шудың үндік сипатын үштен бір оқтавалық жолақтарда бір жолақтағы деңгейдің көршілес жолақтардан кем дегенде 10 дБ-дан артуы бойынша өлшеумен анықтайды.

**3.12 Дыбыстық қысымның деңгейі:** Дыбыстық қысым квадратының шекті дыбыстық қысым квадратына қатысты дБ-мен он еселенген ондық логарифм ( $P_o = 2 \cdot 10^{-5}$  Па).

**3.13 Дыбыстық қуат деңгейі:** Дыбыстық қуаттың шекті дыбыстық қуатқа қатынасының он еселенген ондық логарифм ( $w_o = 10^{-12} \text{ Вт}$ ).

**3.14 Дыбыстың эквивалентті (энергиясы бойынша) деңгейі:** Белгілі бір уақыт аралығындағы зерттелетін тұрақсыз шу сияқты, дБА-мен, орташа квадраттық дыбыстық қысымы бар тұрақты шудың деңгейі.

**3.15 Ауа шуын оқшаулауының жиіліктік сипаттамасы:** Ауа шуын оқшаулау R, дБ, 100-3150 Гц диапазоныдағы жиіліктердің үштен бір оқтавалық жолақтарындағы өлшемі (график немесе кесте түрінде).

**3.16 Аражабынның астындағы соққы шуының келтірілген деңгейінің жиіліктік сипаттамасы:** Аражабынның астындағы соққы шуының келтірілген деңгейлерінің  $L_n$  дБ, 100-3150 Гц диапазоныда жиіліктердің үштен бір оқтавалық жолақтарындағы өлшемі (график немесе кесте түрінде).

**3.17 Сінірудің эквивалентті ауданы** (беттің немесе заттың): Аталған бет немесе заттың дыбыстық энергиясындағыдей көлемін сініретін дыбыс сініру коэффициенті  $\alpha=1$  (толығымен дыбысты сініретін) беттің ауданы.

**3.18 Шудан қорғайтын экрандар:** Шуды төмендегу мақсатымен автокөлік және темір жолдардың бойынша орнатылған қабырға, жер үйіндісі, галерея түріндегі құрылыштар.

**3.19 Шудан қорғайтын терезелер:** Орынжайда (бөлмеде) нормативті ауа алмасуды бір мезгілде қамтамасыз ете отырып, жоғары дыбыстық оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы желдету құрылғылары бар терезелер.

## **4 МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ**

### **4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары**

Нормативтік талаптардың мақсаттары - адамның заманауи талаптарына жауап беретін акустикалық ортаның нормативтік параметрлерін қамтамасыз ете отырып, ғимараттар мен орынжайларда шудан қорғалған, қауіпсіз, қолайлы органды құру, тұрғын үйлер орамдары мен аудандарын жоспарлап, құрылышын салу кезінде өнеркәсіптік және энергетикалық кәсіпорындардың, автомобиль және темір жолдарының, әуежайлардың, көлік кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтарын сактау

### **4.2 Функционалдық талаптар**

Шудан қорғауды қамтамасыз ету бойынша функционалдық талаптарға келесі талаптар жатқызылады:

- нысанның бас жоспарының акустикалық тұрғыдағы оңтайлы шешімі және ғимараттардың тиімді сәулеттік-жоспарлау шешімі;
- жасыл желеңтердің шудан қорғау ғимараттары мен шудан қорғау жолақтарын жобалай отырып тұрғын үйлер орамдарын және аудандарын жоспарлау және құрылышын салу оңтайлы тәсілдерін қолдану;
- талап етілетін дыбыстық оқшаулаулы ғимараттардың қоршашау құралымдарын қолдану;
- мәжбүрлеп желдету және ауа баптау және ғимараттардың инженерлік және санитарлық-техникалық жабдықтарын дірілоқшаулау жүйелерінде шуды бәсендектіштерді, акустикалық қалқаларды (экран) қолдану
- аудиторияларда, театрлардың, кинотеатрлардың, мәдениет сарайларының көрермендер залдарында, спорт залдарында, теміржол, аэро және автовокзалдың күту және операциялық залдарында оңтайлы акустикалық жағдай жасау.

## **5 ЖҰМЫСТЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **5.1 Нысандарды шудан қорғау шараларын қоса отырып жобалау**

5.1.1 Нысандар құрылышының жобалық құжаттамасында шудан қорғау бойынша шаралар қарастырылу керек:

## **ҚР ҚН 2.04-02-2011**

- «Технологиялық шешімдер» тарауында (өндірістік кәсіпорындар үшін) технологиялық жабдықтарды таңдаған кезде, аз шулайтын жабдықты таңдаған абзal.

- оңтайлы сәулеттік-жоспарлау шешімдерді қолдану арқылы бөлмелердегі жұмыс орындарында және аумагында шудың төмендеуін ескере отырып, технологиялық жабдықты орналастыру керек;

- «Құрылыштық шешімдер» тарауында (өндірістік кәсіпорындар үшін) жұмыс орындарында күтілетін шудың акустикалық есебі негізінде, қажет болған жағдайда, шудан қорғау бойынша құрылыштық-акустикалық шаралар есептеліп, жобалану керек;

- «Сәулеттік-құрылыштық шешімдер» тарауында ғимараттардың коршау құралымдарының дыбыстық оқшаулауын есептеу негізінде тұрғын үй-азаматтық құрылыш нысандарын;

- «Инженерлік жабдықтар» тарауында инженерлік жабдықтарды діріл және дыбыстық оқшаулау бойынша есебінің негізінде тиісті жобалық шешімдер дәлелдену керек.

**5.1.2 «Шудан қорғау» тарауы қалаларды, кенттерді, ауылдық елді мекендерді, және қалалардың жекелеген ықшамаудандарын жоспарлау және құрылышын салу бойынша жобалық қалакұрылыштық құжаттаманың құрамына енгізілу керек.**

### **5.1.3 Тараудың құрамына кіретіндер:**

- қала дамуының техника-экономикалық негіздері (ТЭН), қаланың, елді мекенниң бас жоспары кезеңінде: жол-көшелік желінің, темір жолдарының, су және әуе транспорттының, өнеркәсіптік аймақтардың және жекелеген өнеркәсіптік және энергетикалық нысандардың шу карталары;

қаланың өнеркәсіптік аймағын жоспарлау мен кәсіпорындар тобының бас жоспарының жобасы кезеңінде: өнеркәсіптік кәсіпорындардың шу карталары, сәулеттік-жоспарлау және селитебті аумаққа шу әсерін төмендету бойынша құрылыштық-акустикалық іс-шаралар;

- қала ауданының жіті (детальды) жоспарлауының жобасы кезеңінде: аумақтағы шу карталары, ғимарат (тұрғын, әкімшілік, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, ауруханалар) қасбеттерінің жанында, демалыс аландарында күтілетін шудың есептері; магистральды қөшелерде шудан қорғау ғимараттарының типтері және орналасуы; жылдамдықты жолдардың телімдерінде шудан қорғау қалқаларын орнату.

### **5.1.4 Акустикалық есеп келесі тәртіп бойынша атқарылу керек:**

- шу көздерін табу және олардың шу сипаттамаларын анықтау;

- есеп атқаруға арналған орынжайларда және аумақтарда нұктелерді тандау (есептік нұктелер);

- шу көзінен (көздерінен) есептік нұктелерге дейінгі шудың таралу жолдарын және әр жол бойынша дыбыстық энергияның жоғалуын ( қашықтыққа, қалқалауға, дыбыстық оқшаулауға, қоршау құралымдарының дыбыстық оқшаулауына, дыбыс сіңірге байланысты анықтау);

- есептік нұктелердегі күтілетін шу деңгейлерін анықтау;

- күтілетін шу деңгейлерін рұқсат етілген мәндермен салыстыру негізінде шу деңгейлерінің қажетті төмендеуін анықтау;

-талап етілетін шудың төмендеуін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды әзірлеу;

- құрылыштық-акустикалық іс-шаралардың орындалуын ескере отырып, есептік нұктелердегі күтілетін шу деңгейлерінің тексеру есебі.

5.1.5 Жобаларда қолданылатын дыбысоқшаулағыш, дыбыс сініруші, дірілдемпферлеуіш материалдар тиісті өрт сөндіру және гигиеналық сертификаттары болу керек.

## **5.2 Шудың көздері және олардың шу сипаттамалары**

5.2.1 Әр түрлі мақсаттағы ғимараттардағы негізгі шу көзі болатын - технологиялық және инженерлік жабдық.

Тұрақты шу көзі болатын технологиялық және инженерлік жабдықтардың шу сипаттамалары - орташа геометриялық жиіліктері 63-8000 Гц (дыбыстық қуаттың октавалық деңгейлері) сегіз октавалық жолақтағы дыбыстық қуат деңгейлері  $L_w$ , дБ, ал тұрақсыз шу шығаратын жабдықтікі – сегіз октавалық жиілік жолақтарындағы дыбыстық қуаттың эквивалентті деңгейлері  $L_{w_{eq}}$  және дыбыстық қуаттың максимальды деңгейлері  $L_{w_{max}}$ .

5.2.2 Технологиялық және инженерлік жабдықтардың шу сипаттамалары оның техникалық құжаттамасының құрамында болу керек және жобаның «Шудан қорғау» тарауына қосымша енгізілу керек. Жұмыс тәртібінен, атқарылатын операциядан, өндөлетін материалдан және т.с.с. шу сипаттамаларының тәуелділігін ескерген жөн. Шу сипаттамаларының нұсқалары жабдықтардың техникалық құжаттамасында көрсетілу керек.

5.2.3 Сыртқы шудың негізгі шығу көздері – көшелер мен жолдардағы көліктік ағымдар, теміржол, су және әуе транспортты, өнеркәсіптік және энергетикалық кәсіпорындар мен олардың жекелеген қондырығылары, торапішілік шу көздері (трансформаторлық подстанциялар, желдету және ауаны баптау жүйелері, орталық жылу пункттері, дүкендердің шаруашылық аулалары, спорттық және ойын алаңдары, құрылыш алаңдары).

## **6 ҚОРШАУ ҚҰРАЛЫМДАРЫНЫҢ ДЫБЫСОҚШАУЛАУЫ**

### **6.1 Қоршау құралымдарының дыбыстық оқшаулауын жобалау бойынша ұсыныстар.**

6.1.1 Қоршау элементтерін өн бойы тесіктері жок тығыз материалдардан жобалау ұсынылады. Тесіктері бар материалдардан орындалған қоршаулардың сыртқы қабаттары тығыз материалдан, бетоннан немесе ерітіндіден болу керек.

6.1.2 Кірпіштен, керамикалық және қож-бетон блоктардан жасалған ішкі қабырғалар мен арақабырғаларды жіктерін бүкіл қалыңдығына толтырып (бос жіктерсіз) және екі жағынан шөкпейтін ерітіндімен сыланатында жобалаған жөн.

6.1.3 Қоршау құралымдарын құрылыш және пайдалану барысында жіктерінде ең болмашы саңылаулар мен сыйаттар болмайтында (пайда болмайтында) етіп жобалау керек. Құрылыш барысында пайда болатын сыйаттар мен саңылаулар тазартылған соң, құрастырмалы шаралар арқылы және шөкпейтін герметиктермен, сонымен бірге басқа материалдармен бүкіл терендігіне бекітіліп, жойылу керек.

## 6.2 Қабатаралық аражабындар

6.2.1 Дыбыстық оқшаулау қабатындағы (аратөсем) еден аражабының көтергіш бөлігімен, қабырғалармен және ғимараттың басқа құралымдарымен қатты байланысы (дыбыс көпірлері) болмау керек, яғни «құбылмалы» болу керек. Ағаш еденнің немесе еденнің құбылмалы бетон негізінің (тартпа) жиектері ғимарат қабырғаларынан және өзге құралымдарынан дыбыстық оқшаулау материалымен немесе бұйыммен, мысалы, жұмсақ ағаш-талышқты тақтамен, күпті полиэтиленнен жасалан орама бұйымдармен және т.с.с. толтырылатын ені 1-2 см саңылаумен ажыратылу керек. Еденкемерлерді немесе галтелдерді тек еденге немесе тек қабырғаға бекіту керек. Дыбыстық оқшаулау қабатындағы еден құралымының қабырғаға қабысуы 1 суретте көрсетілген.

Тұтасқұймалы құбылмалы тартпа мен минералмакталы, шынымақталы тақталардан құралған аратөсемдер немесе маты түріндегі негізі бар еденді жобалаған кезде, дыбыстық оқшаулау қабатының үстінен тұтас гидрооқшаулау қабатын (мысалы пергамин, гидроизол, рувероид және т.с.с.) жапсарланған қабатын 20 см кем болмайтындей орналастырған жөн. дыбыстық оқшаулау тақталарының (матылардың) жіктерінде саңылау болмау керек.

6.2.2 Дыбыстық оқшаулау қоры жоқ аражабын құралымдарында  $R_w$  индексі бойынша ауа шуының оқшаулануын 1 дБ төмендететін талышқты негіздегі линолеумнан еден жабындарын қолданбау мүмкіндігін қарастырған жөн. Ауа шуының оқшаулауына әсер етпейтін және көпіршігендегі қабаттардың тиісті параметрлері кезінде соққы шуының қажетті оқшаулауын қамтамасыз ететін көпіршігендегі қабатты линолеумді қолдануға рұқсат етіледі.

6.2.3 Дыбысоқшаулау аратөсемдерін қолданған жағдайда, серпімділіктің динамикалық модулінің (Един), салыстырмалы сығылуының ( $\mu$ ) есептік мәндерін, соққы шуының келтірілген деңгейінің оқшаулауының жақсаруын ( $\Delta L_{nw}$ ) қосымша тіркелген Сертификаттар бойынша қабылдаған жөн.

6.2.4 Тұрғын және кіріктірілген шулы бөлмелерді бөліп тұратын ауа шуының оқшаулауына талабы жоғары қабатаралық аражабындар ( $R_w = 57-62$  дБ), қалыптасқандай, жеткілікті қалындықты тұтасқұймалы темірбетонды пайдалана отырып жобалаған жөн (мысалы, қаңқалы-тұтасқұймалы немесе бірінші қабаттың тұтасқұймалы құрылымы). Осындай құралымның дыбыстық оқшаулауының жеткіліктілігін есеппен аныктайды.

## 6.3 Ішкі қабырғалар мен арақабырғалар

6.3.1 Екі қабат қабырғалар немесе арақабырғалар, әдеттегідей, элементтер өзара жиек бойымен немесе жеке нүктелер бойынша қатты байланыстырылып жобаланады. Құралымдардың элементтері арасындағы арақашықтық мөлшері 0,04м кем болмау керек.

6.3.2 Қаңқалы-қаптамалы арақабырғалардың құралымдарында табақшалардың қаңқаға 0,3м-ден кем емес қашықтықта нүктелі бекітілуін қарастырған жөн. Егер қаңқаның бір жағынан қаптаманың екі қабат табақшаларын қолданса, онда олар бір-біріне жапсырылмау керек. Қаңқа тіреулерінің арасы мен оның көлденең элементтері арасындағы қашықтық 0,6 м-ден кем болмайтындей қарастырылу керек. Жоғарыда ұсынылған аралықтарды жұмсақ дыбыс сініргіш материалдармен толтыру, әсіресе

қаңқалы-қаптамалы арақабырғалардың дыбыстық оқшаулауын жақсарту үшін тиімді. бұдан бөлек, дыбыстық оқшаулауын ұлғайту үшін әр қаптама үшін өзіндік қаңқалар ұсынылады, ал қажетті жағдайда арақабырғаның әр жағына екі немесе үш қабатты қаптаманы қолдануга жол беріледі.

6.3.3 Дыбыстық оқшаулау мөлшерлері құралымға берілген сертификаты бойынша қабылданады. Қаңқалы-қаптамалы арақабырғалардың, іс жүзінде, шудың жанама таралуынан және зертханалық жағдайда аса сапалы жинақтауға байланысты зертхана жағдайында өлшенгенге қарағанда, дыбыстық оқшаулауы біршама төмен екендігін назарда ұстаған жөн.

6.3.4 Аяу шуының темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен және т.с.с. жасалған қабырғамен және арақабырғамен оқшаулануын қүшету үшін, бірқатар жағдайда қосымша қаптаманы пайдаланған дұрыс.

6.3.5 Қаптама материалы есебінде гипсокартон табақшалар, қатты ағашталышықты тақталар және ағаш рейкалар арқылы, гипс ерітіндісінен орындалған сзықтық немесе нүктелі маяктар арқылы қабырғаға бекітілген тәріздес табақшалы материалдар қолданылуы мүмкін. Қабырға мен қаптама арасындағы аяу аралығын 40-50 мм қалыңдықта орындаپ, жұмсақ дыбыс сіңіргіш материалмен(минералмақталы немесе шынымақталы тақталармен, матылармен және т.с.с.) толтырған ұтымды.

#### **6.4 Түйіспелер мен тораптар**

6.4.1 Ішкі қоршау құралымдары арасындағы және олар мен басқа қабысатын құралымдар арасындағы түйіспелер ғимарат құрылышын салу кезінде қоршаулардың дыбысоқшаулауын күрт төмендететін өн бойы сызаттар, саңылаулар мен тығыздалмаған құыстар болмайтындей және пайдалану барысында пайда болмайтындей етіп жобалану керек.

Пайдалану барысында, қабылданған конструктивті шаралар атқарылғанға қарамастан, жүктеме, температуралық және шөгу деформациялары эсерінен түйісетін элементтердің өзара жылжу мүмкіндігі бар түйіспелерді түйісетін беттерге желимдеп жапсырылатын ұзак мерзімді герметикалық серпімді материалдар мен бұйымдарды қолана отырып құрастырған жөн.

6.4.2 Қабырғалардың көтергіш элементтері мен оларға сүйенетін аражабындар арасындағы түйіспелерді ерітіндімен немесе бетонмен толтырылатындей жобалау керек. Егер жүктемелер немесе өзге әсерлер нәтижесінде жіктердің ашылу мүмкіндігі туындаса, жобалау кезінде түйіспелерде өн бойы сызаттардың пайда болуына жол бермейтін шаралар қаастырулу керек.

6.4.3 Ішкі қабырғалардың көтергіш элементтері арасындағы түйіспелер, әдettегідей, ерітіндімен немесе бетонмен толтырылатындей етіп жобаланады. Түйісетін элементтердің жанасатын беттері көлденең өлшемдері элементтің бойымен монтаждық бетонмен немесе ерітіндімен тығыз толтырылуын қамтамасыз ететіндей құысты (құдықты) құру керек. Түйісетін элементтердің өзара жылжуын шектейтін шараларды қаастыру керек (сыналарды орнату, аратесем бөлшектерін дәнекерлеу және т.с.с.) Жалғастыру бөлшектері, арматураның шығып тұрған ұштары және т.с.с. түйіспе қуысының бетонмен

немесе ерітіндімен толтырылуына кедергі болмау керек. Түйіспелерді шөкпейтін (ісінетін) бетонмен немесе ерітіндімен толтырган жөн.

6.4.4 Құралымдардың құрама элементтерін жобалаған кезде, қолданылуы көзделген герметикалық материалдар мен бұйымдардың орналастырылуын, жапсырылуын, бекітілуін және талап етілетін қысылуын қамтамасыз ететін түйісетін бөліктердің құрылымы мен өлшемін қабылдау керек.

## **6.5 Инженерлік жабдықпен байланысты қоршау құралымдарының элементтері**

6.5.1 Сумен жылыту, сумен жабдықтау құбырларын және т.с.с. пәтераралық қабырғалар арқылы тартылуына рұқсат берілмейді.

Сумен жылыту, сумен жабдықтау құбырларын және т.с.с. өн бойы саңылаулар пайда болмайтында құбырлардың температуралық қозғалуларын және деформацияларға жол беретін қабатаралық аражабындар мен бөлмеаралық қабырғалар (арақабырғалар) арқылы икемді гильзаларда (кеуекті полиэтиленнен және басқа серпімді материалдардан) тартылу керек (2 сурет).

Жылыту жүйесінің тұтасқұймаланған тікқұбырлардың құбырларын жалғауға арналған ішкі қабырғалар панельдеріндегі қуыстар шөкпейтін бетонмен немесе ерітіндімен бекітілу керек.

6.5.2 Пәтераралық қабырғалардағы және арақабырғалардағы жасырын электр сымдары әр пәтердің жекелеген каналында немесе штрабта орналастырылу керек. Тарату қораптары мен штепсель розеткаларына орнатуға арналған қуыстар өн бойы ойық болмау керек. Егер өн бойы ойықтары қабырға элементтерінің өндіріс технологиясында қарастырылса, көрсетілген аспаптар онда тек бір жақтан орнатылу керек. Қуыстың бос бөлігі гипс немесе басқа шөкпейтін ерітіндімен қалындығы 40мм кем емес қалындыққа бекітіледі.

6.5.3 Тарагу қораптары мен штепсель розеткаларын пәтераралық қаңқалы-қаптамалы арақабырғаларда орналастырмаған жөн. Қажет болған жағдайда, орнату барысында қаптама табақшаларында ойықтар ойылмайтын штепсельдік розеткалар мен ажыратқыштарды пайдаланған абзал.

6.5.4 Аражабыннан сымды төбелік шамға тартылуын ойылмаған қуыста қарастырған жөн. Егер өн бойы ойылған тесік аражабын тақтасын жасау технологиясымен көзделсе, онда тесік екі бөліктен құрылу керек. Үлкен диаметрлі үстінгі бөлігі шөкпейтін ерітіндімен бекітілу керек, төменгісі – дыбыс сіңіргіш материалмен толтырылып (мысалы, өте жүққа шыныталшықпен) және төбе жағынан ерітінді қабатымен немесе тығыз сәнді қақпақпен жабылу керек (3 сурет).

6.5.5 Желдету блоктарының құрылымы каналдарды бөліп тұратын қабырғалардың тұтастығын (ішінде өн бойы тесіктер мен сызаттар болмау керек) қамтамасыз ету керек. Желдету блоктарының горизонтальды түйіспесі бір каналдан екіншісіне саңылаулар арқылы шудың таралу мүмкіндігіне тосқауыл болу керек.

6.5.6 Тігінен көршілес пәтерлердің желдету тесіктері өзара құрама және ілеспе каналдар арқылы бір қабаттан кейінған байланысу керек.

## **6.6 Бақылау, қашықтықтан басқару кабиналарының, паналардың, қаптамаларадың қоршау құралымдарын дыбысоқшаулау**

6.6.1 Дыбысоқшаулағыш кабиналарды жұмысшыларды және қызмет көрсетуші қызметшілерді шудан қорғау үшін, денгейлері рұқсат етілгеннен асып кеткен жағдайдағы өнеркәсіптік цехтарда және территорияларда қолдану қажет. Дыбысоқшаулағыш кабиналарда технологиялық үдерістерді және жабдықтарды бақылау және басқару пульттерін, шеберлер мен цех басшыларының жұмыс орындарын орналастыру қажет.

Кабиналардың қажетті дыбыстық оқшаулауын орнатылатын орынжайдығы нақты шу денгейлеріне және кабина ішіндегі шу нормаларына негіздел белгілеу керек.

6.6.2 Талап етілетін дыбысоқшаулауға байланысты кабиналар кәдімгі құрылыштық материалдардан (кірпіштен, темірбетоннан және т.с.с.) жобалануы мүмкін немесе алдын ала болат, алюминий, пластик, фанера құралымдарынан және басқа құрама немесе дәнекерленген қаңқадағы табақ материалдарынан құрастырылуы мүмкін.

Дыбысоқшауланған кабиналарды қоршау құралымдарына және кабина қаңқасына дірілдің таралмауы үшін резенке дірілоқшаулағыштарда орнату керек.

6.6.3 Кабинаның ішкі көлемі бір адамға шаққанда 15 м<sup>3</sup> кем болмау керек. Кабина биіктігі (ішінен) -2,5 м кем емес. Кабина қажетті шу бәсендеңдеткіштері бар желдету немесе ауа баптау жүйесімен жабдықталу қажет. Кабинаның ішкі беттері 40-60 % дыбыс сіңіруші материалдармен қапталу керек.

Кабинаның есіктерінің нығыздауыш аратөсемдері мен оларды қысып тұратын бекіту құрылғылары болу керек.

6.6.4 Жұқа табақшалы материалдардан (металдардан, пластиктерден, шыныдан және т.с.с.) жасалған машиналардың және технологиялық жабдықтардың дыбысоқшаулау коршаулары, дыбысоқшаулау қаптамаларды басқа құрылыштық-акустикалық іс-шараларды қолдану тиімсіз жерде, тікелей шу көзінің жанында, орналасқан жұмыс орындарында шу денгейлерін бәсендеңдету үшін қолдану керек. Қаптама құралымының акустикалық ұтымдылығы оның дыбысоқшаулауымен белгіленеді R<sub>k</sub>, дБ.

6.6.5 Агрегатқа (машинаға) қаптаманы қолдану оның шуы есептік нүктеде, рұқсат етілген мәннен 5дБ және одан артық бір октавалық жолақта болса да, ал барлық басқа технологиялық жабдықтың сол октавалық жолағындағы шуы (сол есептік нүктеде) 2дБ және одан артық рұқсат етілгеннен төмен болғанда ғана тиімді.

Егер R<sub>tr.k</sub> мөлшері орта және жоғары жиіліктерде 10дБ аспаса, қаптама икемді материалдардан (винилден, резенкеден) орындалуы мүмкін. Қаптаманың элементтері қаңқаға бекітілу керек.

Егер R<sub>tr.k</sub> мөлшері орта және жоғары жиіліктерде 10дБ артық болса, қаптаманы табақшалы конструкциялы материалдардан орындау керек.

6.6.6 Металл қаптаманы дірілдемпферлеуіш материалмен (табақшалы немесе мастика түрінде) қаптау керек, сонымен бірге жабын қалыңдығы қабырға қалыңдығынан 2-3 есе артық болу керек. Қаптаманың ішкі жағында қалыңдығы 40-50 мм дыбыс сіңіруші материалдың қабаты сюю керек. Оны механикалық құбылыштардан, шаңнан және басқа ластанулардан қорғау үшін шыныматасы бар немесе қалыңдығы 20-30 мкм жүқа үлбіректі металл торды қолдану керек.

## **КР ҚН 2.04-02-2011**

Қаптама агрегатпен, құбыржолдармен тікелей байланысқа түспеу керек. Технологиялық және желдету тесіктері дыбыс бәсендеткіштермен және нығыздауыштармен жабдықталу керек.

### **6.7 Есіктер мен терезелер**

6.7.1 Есіктерді, қақпаларды және терезелерді жобалаған кезде, олардың ауа шуынан оқшаулауын күшету бойынша шаралардың қабылдануына ерекше назар аудару керек.

6.7.2 Ауа шуын есіктермен және қақпалармен оқшаулауын күшету олардың беткі тақталарының тығыздығын арттыру арқылы, табақшаны қорапқа тығыз бекіту арқылы, есік пен (қақпа мен) еден арасындағы саңылауды нығыздауыш аратөсемдері бар табалдырық арқылы немесе резенкеге қанықтырылған матадан немесе резенке фартук арқылы, сонымен бірге есіктерді (қақпаларды) аратөсемдерді қолданып нығыздау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Есік немесе қақпа қорабы мен оның түйісетін қоршауы арасындағы саңылаулар нықтап бекітілу керек. Сонымен бірге есіктің (қақпаның) қорапқа тығыз қысылуын қамтамасыз ететін бекіткіш құрылғыларды да қарастыру керек, құлыштың тесіктері жабық болу керек.

6.7.3 Қабырғалары дыбыс сіңіргіш материалмен қапталған тамбуры бар, екі қабат есікті (қақпаны) жобалауға жол беріледі.

6.7.4 Терезелердің дыбыс оқшаулауын эйнектер қалындығын, әнектер арасындағы ауа қабатын ұлғайту арқылы, жақтауларды нығыздау арқылы, эйнектерді серпімді аратөсемдер көмегімен жақтауларға бекіту арқылы, терезелердің тығыз жабылуын қамтамасыз ететін бекіту құрылғыларын қолдану арқылы күшету мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

6.7.5 Қазіргі кезде ең тиімдісі шуды бәсендеткіштері бар желдету элементтерімен жабдықталған шудан қорғану терезелерінің дайын құралымдарын қолдану болып табылады. Шудан қорғау терезесін таңдау сыртқы шуды қажетті деңгейде төмендетудің акустикалық есебінің негізінде жүзеге асырылу керек.

## **7 ДЫБЫС СІҢІРГІШ ҚҰРАЛЫМДАР, ЭКРАНДАР, ҚАЛҚАЛАР**

7.1 Дыбыс сіңіргіш құралымдарды (аспалы төбелер, қабырғалардың қаптамалары, шымылдықты және даналық сіңіргіштер) өндірістік және қоғамдық ғимараттарда жұмыс орындарында және адамдар көп жүретін аймақтардашу деңгейлерін төмендету үшін қолдану керек. Дыбыс сіңіруші қаптамалардың ауданы және даналық сіңіргіштер саны есеппен анықталады.

7.2 Даналық сіңіргіштерді шудың қажетті деңгейге төмендеуіне қаптамалар жеткіліксіз болғанда, және орнатылу мүмкіндігі жоқ немесе тиімділігі аз дыбыс сіңіргіш аспалы төбенің орнына ( өндірістік бөлменің биіктігі ұлken кезде, көпір крандары болған жағдайда, жарық және аэрациялық шамдардың болуы) қолдану керек.

7.3 Шуды төмендету және орынжайлардың ұтымды акустикалық параметрлерін қамтамасыз ету бойынша міндетті шаралар есебінде дыбыс сіңіргіш құралымдар мына жерлерде қолданылу керек:

- өндірістік мекемелердің шулы цехтарында;

- қоғамдық ғимараттар орынжайларында (кабинеттер, кенселер);
- мектептердің, ауруханалардың, мейманханалардың, пансионаттардың дәліздері мен холдарында;
- операциялық залдарда, және теміржол, аэро және автобекеттердің күту залдарында;
- спорт залдарында және жүзу бассейндерінде;
- дыбысоқшаулағыш кабиналарда, бокстарда және паналарда.

7.4 Дыбысоқшаулағыш кабиналарды есептік нұктелердегі дыбыстық қысымның қажетті деңгейге дейін төмендеуі кем дегенде үш октавалық жолақта 1 дБ асқанда немесе бір ғана октавалық жолақта 5 дБ асқан жағдайдағы барлық кезде қолданады.

7.5 Шу көзі мен қызметкерлердің жұмыс орындары арасында (тікелей осы шу көзіне қызмет жасаумен байланысы жок) орнатылатын акустикалық экрандарды жұмыс орындарын тікелей дыбыстан қорғауға қолдану керек. Экрандарды дыбыс сініргіш материалдармен қатар қолданғанда тиімді.

7.6 Қалқа акустикалық экран түрі болып келетіндіктен, шу көзін барлық жағынын қоршайтын немесе орынжайдың бір бөлігін екінші бөлігінен бөлетін және орынжай ішінде белгілі аймақты (шулы немесе тыныш) оқшаулайтын экран болып келеді. Қалқаларды дыбыстық қуат деңгейлері басқа шу қоздеріне қарағанда 15 дБ және одан да жоғары шу көздері үшін қолданған тиімді.

7.7 Дыбыс сініргіш құралымдарды төбеде және қабырғалардың жоғарғы бөліктерінде орналастырған жөн. дыбыс сініргіш құралымдарды жеке бөліктеретіп немесе жолақ түрінде орналастырған оңтайлы. 250 Гц төмен жиіліктерде дыбыс сініргіш қаптаманың ұтымдылығы оны орынжай бұрыштарын орналастырғанда ұлғаяды.

7.8 Акустикалық экран (қалқа) шудан қорғалатын орынжай бөлігі мен шу көзінің арасында орнатылатын өлшемдері бекітілген бөгет болып табылады. Экрандар мен қалқаларды тікелей дыбыстың әрекет ету аймағында және аралық аймақтағы жұмыс орындарында дыбыстық қысымның деңгейлерін төмендету үшін қолданған жөн. Экрандарды шамасынша шу көзіне жақындау етіп орналастыру керек.

7.9 Экрандарды (қалқаларды) міндетті түрде шу көзіне қараган беттерін дыбыс сініргіш материалдармен қаптап, қатты табақ материалдардан немесе жекелеген қалқандардан жасау керек.

7.10 Экрандар (қалқалар) жоспарда жалпақ және П, Г тәрізді пішінді болуы мүмкін (бұл жағдайда тиімділігі жоғарылайды). Егер экран шу көзін үш жақтан қоршаса, онда ол қалқаға айналады, және тиімділігі Н биіктіктері шексіз экран тиімділігіне айналады. Экрандардың сызықтық өлшемдері шу көздерінің сызықтық өлшемдерінен кем дегенде үш есе үлкен болу керек.

## **8 ЖЕЛДЕТУ, АУА БАПТАУ, САЛҚЫНМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, АУАМЕН ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕРИ**

### **8.1 Шу көздері мен олардың шу сипаттамаларына қойылатын талаптар**

8.1.1 Желдету, ауа баптау және ауамен жылышту жүйелерінде шу көздері болып есептелетіндер: желдеткіштер, желдету кондырығылары, кондиционерлер (сыртқы, ішкі блоктары), фэнкойлдар, ретке келтіру құрылышылары (дроссель-клапандар, диафрагмалар,

## **КР ҚН 2.04-02-2011**

шиберлер), аяа тарату құрылғылары (решеткалар, плафондар, анемостаттар), аяа құбыржолдарының фасондық элементтері (крестовиналар, тройниктер, отводтар, бұрылыстар), жылыту агрегаттары (калориферлер) және жеткізушилөр.

Салқынмен жабдықтау жүйелерінде шу көздері болып тоңазыту машиналары (конденсаторлармен және оларсыз), ауамен салқындақтыштар, құрғақ градирнялар, циркуляциялық сорғылар, жалғастыруши құбырлар саналады.

8.1.2 Барлық жүйелер элементтерінің шу сипаттамалары болып 5.1. бойынша анықталатын дыбыстық қуаттың оқтавалық денгейлері есептеледі,  $L_{wo}$ .

Тоңазыту машиналары мен тоңазытқыштар үшін шу сипаттамалары болып тіке дыбыстық өрісінідегі контурларынан тірек қашықтықтарда (1, 5, 10 м) өлшенген дыбыстық қысымның оқтавалық денгейлері ( $L_o$ ) де саналуы мүмкін. Қосымша сипаттамасы есебінде дыбыстық қуаттың жалпы денгейі ( $L_w$ ) немесе А шәкілі бойынша жалпы сәйкестендірілген дыбыстық қуаттың денгейі ( $L_w$  көрр. А) саналуы мүмкін. Бұл сипаттамалар шуы аздау жабдықтар таңдау үшін жарайды.

8.1.3 Желдеткіштердің шу сипаттамалары максимальды ПЭЕ (КПД) режимінде сініру жақтарында ( $L_{wob}$ ), таралу жақтарында ( $L_{woh}$ ) өлшеу камерасында және сынақ құбырларында және өлшеу камерасында корпус айналасында ( $L_{wok}$ ), ашық алаңқайды өлшенеді. Сынақ құбырларында және өлшеу камерасында өлшенген сініру және таралу жақтарындағы дыбыстық қуат денгейлерінің ( $L_{wob}$ ,  $L_{woh}$ ), желдеткіштің келте құбырларына жалғанатын сынақ құбырларының әсерін ескеретін (ашық келте құбырлардан дыбыстық шағылсысу) түзету мөлшеріне айырмашылығы бар ( $\Delta L_{ctP}$ ).

8.1.4 Желдеткіштердің шу сипаттамалары қажетті жағдайда жұмыс тәртібін, конструктивті және жұмыстық параметрлерін ескергендеңі желдеткіштердің дыбыстық қуаттың белгілі меншікті денгейлері бойынша есеп жолымен анықтауға болады. Есептің пайдаланылатын әдістемесі алынатын нәтижелердің талап етілетін дәлдігін қамтамасыз ету керек.

Аумен салқындаушылардың, құрғақ градирнялардың шу сипаттамалары құрамындағы желдеткіштердің дыбыстық қуат денгейлерінің энергетикалық қосындысы есебінде анықталуы мүмкін.

8.1.5 Ретке келтіру және аяа тарату құрылғыларының және фасондық элементтерінің шу сипаттамалары ( $L_{wэl}$ ) аталған құрылғы мен элементтің пайдаланудың бүкіл аэродинамикалық диапазонын қамтитын режимдердегі өлшеу камерасында өлшенеді. Құрылғыдағы және элементтіндегі қажетті шығын мен қысымды қамтамасыз ететін желдеткіштің шуы бүкіл қарастырылатын жиілік диапазоны бойынша сыналатын құрылғының шуынан 8dB төмен болу керек.

Ретке келтіру, аяа тарату құрылғыларының және фасондық элементтердің шу сипаттамаларын жұмыс тәртібін, конструктивті және жұмыстық параметрлерін ескере отырып есептік жолмен анықтауға болады. Қолданылатын есептеу әдістемесі алынатын нәтижелердің талап етілетін дәлдігін қамтамасыз ету керек.

8.1.6 Шу көздерінің шу сипаттамалары желдету, салқындау және жылыту жабдықтарының төлкүжаттарында және каталогтарда баяндау керек. Сол жерде оларды анықтау әдісі мен стандарты көрсетіледі.

## 8.2 Шуды төмендетудің және одан қорғанудың негізгі әдістері мен құралдары

8.2.1 Желдеткіштің (желдету қондырғысының) шуын төмендету үшін:

- дыбыстық қуатының меншікті деңгейлері ең төмен агрегатты таңдау;
- желдеткіш жұмысын максимальды ПЭЕ режимінде қамтамасыз ету;
- желінің кедергісін төмендету және артық қысым мен ауа шығынын тудыратын желдеткішті қолданбау;
- желдеткіштің кіру келте құбырына ауаның бірқалыпты берілуін қамтамасыз ету.

8.2.2 Желдеткіштерден ауа құбыржолдарымен таралатын келтіру және сору жүйелерінің шуын төмендету үшін, орталық (тікелей желдеткіштің жананда) және шеткі (жүйе қызмет көрсететін орынжайға кіре беріс алдындағы ауа құбыржолында бәсендеткіштерді қарастырған жөн. ұзындығы 3 м астам бәсендеткіш қажет болған жағдайда, арақашықтығы секция ұзындығына тең оны 2-3 секцияға бөлу керек.

8.2.3 Ретке келтіру және ауа тарату құрылғыларының шуын төмендету үшін:

- қызмет көрсетілетін орынжайларда рұқсат етілген мәндер шенберінде, желілерде ауаның қозғалу жылдамдығын ретке келтіру және ауа тарату құрылғылары тудыратын шу деңгейлерін қамтамасыз ететін көрсеткішпен шектеу;
- желдету желілерінде жергілікті кедергі еселеуішінің минимальды мәндерге ие ауа тарату құрылғыларын пайдалану.

8.2.4 Желдету, ауа баптау және ауамен жылыту жүйелерінің шуын бәсендеткіштер есебінде абсорбциялық бісендеткіштерді (тұтікшелі, цилиндрлі, пластиналы, каналдық), сонымен бірге камералық және ішінен дыбыс сініргіш материалдармен қапталған ауа құбыржолдарын және олардың бұрылыштарын қолданған жөн.

8.2.5 Бәсендеткіш құрылғысын жүйенің мақсатына, ауа құбыржолының өлшеміне, талап етілетін шу деңгейінің төмендеуіне, ауа жылдамдығының шегіне және желідегі рұқсат етілген шекті гидравликалық кедергісіне байланысты таңдаған дұрыс.

8.2.6 Тұтікшелі бәсендеткіштер (дөнгелек және тікбұрышты) көлденең өлшемдері 450-500мм дейінгі ауа құбыржолдарында тиімді. Көлденең өлшемдері үлкен ауа құбыржолдарында дыбыстың өшүін ұлғайту үшін, қимасы бойынша дыбыс сініргіш материалдың (ДСМ) біркелкі орналасуын тәжірибеде қолданады. Бұл қағидат тиімділігі дыбыс сініргіш пластиналардың ұзындығына, қалындығына және арасындағы қашықтыққа байланысты.

8.2.7 Көлденең өлшемдері 800-500мм дейінгі тікбұрышты ауа құбыржолдарында каналдық бәсендеткіштер жарайды. Бұл, негізінен, тікбұрышты ауа құбыржолының көлденең қимасының кіші өлшемінің жартысына тең бір пластинасы бар пластиналы бәсендеткіштер.

